

SUPERNOVAS САЙТЫ<https://supernovas.foundation/>

САЙТТЫ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

Бекітілген күні	29.07.2026
Сайттың иесі	«Football For Kids» қоғамдық қоры
БСН	260740029114
Ресурстың мәртебесі	Supernovas жобасының ақпараттық сайты

1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Сайтты пайдалану шарттары (бұдан әрі - Шарттар) <https://supernovas.foundation/> мекенжайында орналасқан интернет-ресурсқа (бұдан әрі - Сайт) қол жеткізу және оны пайдалану қағидаларын айқындайды.

1.2. Сайттың иесі және әкімшісі - БСН 260740029114, «Football For Kids» қоғамдық қоры (бұдан әрі - Қор). Supernovas Қордың әлеуметтік жобасы болып табылады және дербес заңды тұлға болып табылмайды.

1.3. Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына әрі өзінің Жарғысына сәйкес қызметін жүзеге асырады. Қор қызметінің бағыттарына балалар және бұқаралық футболды дамыту, дене шынықтыру мен спорттың балалар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету, жаттықтырушыларды даярлау, білім беру бағдарламалары мен спорттық инфрақұрылымды дамыту, волонтерлік пен жергілікті қауымдастықтарды қолдау, сондай-ақ өзге де әлеуметтік және қоғамдық пайдалы жобаларды іске асыру жатады.

1.4. Сайт Қордың қызметі және Supernovas жобасы, жұмыс істеп тұрған және жоспарланған секциялар, білім беру бастамалары, фестивальдер мен өзге де іс-шаралар, қатысу, әріптестік орнату және қолдау көрсету мүмкіндіктері туралы ақпарат беруге арналған.

1.5. Сайтты қарау, оның функцияларын пайдалану, өтініш немесе өтінім жіберу тиісті бөлігінде Пайдаланушының осы Шарттармен келісетінін білдіреді. Шарттармен келіспейтін тұлға Сайтты пайдалануды тоқтатуға тиіс.

1.6. Сайттағы жекелеген әрекеттер арнайы құжаттармен реттеледі: қайырмалдықтар - Ерікті қайырмалдық жасау туралы шарт жасасуға арналған жария офертамен; дербес деректерді жинау және өңдеу - Құпиялылық саясатымен; education.supernovas.foundation оқыту платформасын пайдалану - сол платформаның жеке Пайдалану шарттарымен және Құпиялылық саясатымен.

1.7. Бағдарламаларға қатысу, секция ашу, әріптестік, демеушілік, волонтерлік қызмет, гранттық немесе өзге де қолдау көрсету қосымша түрде Қордың жеке шарттарымен, келісімдерімен, іріктеу қағидаларымен және өзге де құжаттарымен ресімделуі мүмкін.

1.8. Сайт арқылы заңдық мәні бар әрекеттерді кәмілетке толған және әрекетке қабілетті тұлғалар жасауға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей өзгеше жол берілмесе, кәмілетке толмаған тұлғаның мүддесіндегі әрекеттерді оның заңды өкілі жасайды.

1.9. Осы Шарттарда тікелей реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының міндетті талаптары қолданылады.

2. САЙТТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Сайтта Қор, Supernovas жобасы, секциялар, жаттықтырушылар, қатысушылар, әріптестер, қызмет нәтижелері, жаңалықтар, іс-шаралар, есептер, қолдау көрсету тәсілдері туралы мәліметтер, сондай-ақ кері байланыс нысандары мен өтінімдер орналастырылуы мүмкін.

2.2. Сайт материалдары жалпы ақпараттық сипатта болады. Олар жеке заңгерлік, медициналық, психологиялық, қаржылық немесе кәсіби ұсыным болып табылмайды және, егер тиісті бетте немесе жеке шартта тікелей өзгеше көрсетілмесе, өздігінен Қордың Пайдаланушы алдындағы міндеттемелерін туындатпайды.

2.3. Қор ақпаратты өзекті күйде ұстауға ұмтылады, алайда секциялар мен қатысушылар саны, география, кестелер, іс-шаралар, әріптестер, бюджеттер, мерзімдер мен жоспарлар туралы мәліметтер өзгеруі мүмкін. Қайшылықтар болған жағдайда Қордың ресми хабарламалары мен жеке жасалған құжаттардың талаптары басымдыққа ие болады.

2.4. Сайтта келтірілген сомалар мен қайырмалдықтың ықтимал әсерінің мысалдары бағдарлы есептеулер болып табылады. Олар шығыс бағыттарын түсіндіруге көмектеседі, бірақ тиісті жинақ тікелей мақсатты деп белгіленбесе, нақты төлемді көрсетілген шығыс бірлігіне, нақты балаға, командаға немесе секцияға бағыттау міндеттемесін білдірмейді.

2.5. Секция ашуға, бағдарламаға қатысуға, ынтымақтастыққа немесе әріптестікке өтінім жіберу оның мақұлданыуына кепілдік бермейді және шарт жасасу болып табылмайды. Шешімді Қор жарғылық мақсаттарды, бағдарлама өлшемдерін, балалардың қауіпсіздігін, ресурстардың болуын және өзге де маңызды мән-жайларды ескере отырып қабылдайды.

2.6. Секциялар мен іс-шараларға нақты қатысу талаптары, жаттықтырушылар мен әріптестерге қойылатын талаптар, қауіпсіздік қағидалары, бейнелерді пайдалану тәртібі және өзге де арнайы мәселелер жеке құжаттармен және келісімдермен айқындалуы мүмкін.

2.7. education.supernovas.foundation оқыту платформасына өту өзіне тән заңды құжаттары қолданылатын жеке интернет-ресурсты пайдалануды білдіреді.

3. ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Пайдаланушы Сайттың ашық материалдарын қарауға, өтініштер мен өтінімдер жіберуге, Сайтта көзделген сервистерге өтуге және өзге функцияларды олардың мақсатына сәйкес пайдалануға құқылы.

3.2. Пайдаланушы Сайт нысандары арқылы дұрыс, өзекті және жеткілікті ақпарат беруге, өзін басқа тұлға ретінде таныстырмауға және өтінішті қарау аяқталғанға дейін мәліметтер өзгерген жағдайда оларды уақтылы нақтылауға міндетті.

3.3. Үшінші тұлғалар, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді, құжаттарды, фотосуреттерді немесе өзге материалдарды бере отырып, Пайдаланушы мұндай беруге заңды негізі бар екенін растайды. Жалпы нысандар арқылы артық, сезімтал немесе өтінішке қатысы жоқ деректерді жібермеу керек.

3.4. Сайтты пайдалану кезінде мыналарға тыйым салынады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың, балалардың, ата-аналардың, жаттықтырушылардың, әріптестердің және өзге тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға;
- Сайтқа, оның әкімшілік бөлігіне, серверлерге, дерекқорларға немесе есептік жазбаларға рұқсатсыз қол жеткізуге әрекет жасауға;
- зиянды код таратуға, Сайттың жұмысына араласуға, шамадан тыс жүктеме жасауға, техникалық шектеулерді немесе қорғау құралдарын айналып өтуге;
- іздеу жүйелерінің әдеттегі индекстеуін қоспағанда, Қордың алдын ала жазбаша келісімінсіз материалдарды жаппай жинау, көшіру немесе шығарып алу үшін автоматтандырылған құралдарды пайдалануға;
- құқыққа қайшы, қорлайтын, кемсітетін, қоқан-лоққы сипатындағы, көрінеу жалған немесе жаңылыстыратын материалдарды жіберуге;
- басқа тұлғалардың дербес деректерін заңды негізсіз жинауға немесе пайдалануға;
- жазбаша растаусыз Қор тарапынан ресми әріптестік, өкілдік, мақұлдау немесе қолдау бар деген әсер қалыптастыруға.

3.5. Шарттар бұзылған жағдайда Қор жекелеген функцияларға қол жеткізуді шектеуге, өтінішті қарамауға, құқыққа қайшы материалдарды жоюға, Сайтты қорғау шараларын қабылдауға және уәкілетті органдарға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

3.6. Сайт нысандары арқылы жіберілген хабарламалар мен материалдар өтінішті қарау, Пайдаланушымен байланысу және ықтимал өзара іс-қимылды ұйымдастыру үшін пайдаланылады. Оларды Сайтта, әлеуметтік желілерде немесе Қордың өзге материалдарында жариялауға жеке келісім немесе өзге заңды негіз болған кезде ғана жол беріледі.

4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК

4.1. Сайтта орналастырылған мәтіндер, фотосуреттер, бейнелер, графикалық элементтер, дизайн, материалдар базасы, әдістемелік әзірлемелер, бағдарламалық элементтер, атаулар, логотиптер және өзге объектілер Қорға тиесілі немесе ол оларды заңды негізде пайдаланады.

4.2. Пайдаланушыға материалдарды қарауға және оларды жеке коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға шектеулі құқық беріледі. Мұндай құқықтың берілуі айрықша құқықтарды иеліктен шығаруды немесе өзге пайдалану түріне лицензия беруді білдірмейді.

4.3. Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келсе және материалдың мағынасын бұрмаламаса, ақпараттық мақсатпен негізделген көлемде шағын үзінділерді Supernovas жобасын, Қорды және Сайтқа белсенді сілтемені көрсете отырып дәйексөз ретінде пайдалануға жол беріледі.

4.4. Заңда тікелей жол берілген жағдайларды қоспағанда, құқық иеленушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз материалдарды толық немесе елеулі көлемде көшіруге, жариялауға, таратуға, қайта өңдеуге, аударуға, коммерциялық мақсатта пайдалануға, дерекқорларға енгізуге, туынды материалдар жасауға және автор немесе құқық иеленуші туралы белгілерді алып тастауға тыйым салынады.

4.5. Supernovas және Football For Kids атауларын, логотиптерін және өзге белгілерін Қордың жазбаша рұқсатынсыз жарнамада, домендік атауларда, іс-шаралардың, аккаунттардың, жобалардың немесе ұйымдардың атауларында пайдалануға болмайды.

4.6. Үшінші тұлғалардың материалдарына құқықтар тиісті құқық иеленушілерде сақталады. Егер материалдың жанында арнайы талаптар көрсетілсе, Пайдаланушы оларды сақтауға міндетті.

5. ҚАЙЫРМАЛДЫҚТАР, ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ҚАТЫСУДЫҢ ӨЗГЕ ДЕ НЫСАНДАРЫ

5.1. Қордың пайдасына Сайт арқылы немесе жарияланған деректемелер бойынша ақшалай қаражатты ерікті түрде аудару Сайтта орналастырылған Ерікті қайырмаалдық жасау туралы шарт жасасуға арналған жария офертамен реттеледі.

5.2. Қайырмаалдық Қордың жарғылық қызметін өтеусіз қолдау болып табылады, тауарлар, жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер үшін төлем болып табылмайды және Пайдаланушыға қарсы ұсынуды, Қорды басқаруға қатысуды не Қор мүлкін алуды талап ету құқығын бермейді.

5.3. Сайтта біржолғы немесе ай сайынғы қайырмаалдықты, соманы және төлем тәсілін Пайдаланушы ерікті түрде таңдайды. Мерзімді есептен шығару және оны тоқтату талаптары Жария офертамен және төлем сервисінің қағидаларымен айқындалады.

5.4. Демеушінің атын, брендин, тауарларын немесе көрсетілетін қызметтерін танымал етуге айырбас ретінде қаржыландыру берілетін демеушілік, сондай-ақ корпоративтік әріптестік пен бірлескен жобалар жеке жазбаша шартпен ресімделеді және қайырмаалдық туралы офертамен реттелмейді.

5.5. Әріптестік туралы ұсыныс, жаттықтырушының өтінімі, мемлекеттік органның, компанияның, қордың немесе өзге тұлғаның өтініші өздігінен шарттық міндеттемелер туындатпайды. Ынтымақтастық талаптары жеке келісіледі.

6. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ СОOKIE ФАЙЛДАРЫ

6.1. Сайтты пайдалану кезінде дербес деректерді жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Сайттың Құпиялылық саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

6.2. Нысанды жіберу, қайырмаалдық жасау немесе деректерді берумен байланысты өзге әрекет жасамас бұрын Пайдаланушы қолданылатын Құпиялылық саясатымен танысуға және талап етілген кезде жеке келісім беруге тиіс.

6.3. Банк картасының толық деректемелерін банк, төлем ұйымы немесе өзге төлем сервисі өз қағидаларына сәйкес өңдейді. Заңда тікелей талап етіліп, тиісті қорғау шаралары қамтамасыз етілген жағдайларды қоспағанда, Қор CVV/CVC кодын және банк картасының толық нөмірін сұратпайды әрі сақтамайды.

6.4. Сайт дұрыс жұмыс істеу, қауіпсіздік, талдау және сервисті жақсарту үшін техникалық тұрғыдан қажетті соokie файлдарын, оқиғалар журналдарын және ұқсас технологияларды пайдалана алады. Толық талаптар Құпиялылық саясатымен және Сайттағы келісім баптауларымен айқындалады.

6.5. Кәмелетке толмаған тұлғаның деректерін Сайт нысандары арқылы оның заңды өкілі немесе өзге заңды негізі бар тұлға береді.

7. ҮШІНШІ ТАРАП РЕСУРСТАРЫ МЕН СЕРВИСТЕРІ

7.1. Сайтта оқыту платформасына, әлеуметтік желілерге, әріптестердің сайттарына, төлем беттеріне, карталарға, мессенджерлерге және өзге сыртқы ресурстарға сілтемелер болуы мүмкін.

7.2. Сыртқы ресурсқа өткен кезде Пайдаланушы оның иесімен өзара әрекеттеседі және сол ресурстың қолданылатын шарттары мен саясаттарымен танысуға міндетті.

7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Пайдаланушымен жасалған шартта тікелей көзделген жағдайлар мен көлемді қоспағанда, Қор тәуелсіз сыртқы ресурстардың мазмұны, қолжетімділігі және ақпараттық қауіпсіздігі, сондай-ақ олардың иелерінің әрекеттері үшін жауап бермейді.

8. САЙТТЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ ЖӘНЕ ЖОБАЛАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

8.1. Сайт нақты қолжетімді күйінде ұсынылады. Қор оның жұмыс істеуі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдайды, алайда барлық беттер мен функциялардың тұрақты, қатесіз және үздіксіз қолжетімділігіне кепілдік бермейді.

8.2. Техникалық жұмыстар, жаңартулар, байланыс ақаулары, қызмет көрсетушілердің әрекеттері, қауіпсіздік қатерлері, мемлекеттік органдардың шешімдері және өзге мән-жайлар салдарынан қол жеткізу уақытша шектелуі мүмкін.

8.3. Қор Сайттың құрылымы мен мазмұнын өзгертуге, функцияларды қосуға немесе алып тастауға, ақпаратты түзетуге, жекелеген беттер мен сервистердің жұмысын уақытша тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

8.4. Ағымдағы немесе жоспарланған жобалар туралы ақпарат олардың іске қосылуына, өзгеріссіз жалғасуына немесе қаржыландырудың нақты көлемінің сақталуына сөзсіз кепілдік болып табылмайды. Шешімдер жарғылық мақсаттарды, қауіпсіздікті, ресурстарды және Қазақстан Республикасының заңнамасын ескере отырып қабылданады.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. Қор мен Пайдаланушы осы Шарттарды және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін заңда көзделген тәртіппен жауапты болады.

9.2. Заңнамада жол берілген шектерде Қор Пайдаланушының тек Сайттағы жалпы ақпарат негізінде қабылдаған шешімдері; Қордың ақылға қонымды бақылауынан тыс мән-жайлар салдарынан қол жеткізудің мүмкін болмауы; тәуелсіз сыртқы ресурстар мен төлем ұйымдарының әрекеттері; сондай-ақ Пайдаланушының дұрыс емес мәліметтерді немесе қажетті құқықтар мен келісімдерсіз материалдарды беруінің салдары үшін жауап бермейді.

9.3. Пайдаланушы Сайттағы өз әрекеттері, пайдаланылатын құрылғылар мен қол жеткізу құралдарының сақталуы, берілетін мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтарын сақтау үшін жауапты болады.

9.4. Осы Шарттардың ешбір ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алып тастауға немесе шектеуге болмайтын жауапкершілікті алып тастамайды немесе шектемейді.

9.5. Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарын сақтаған жағдайда, төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлар міндеттемелердің орындалуына әсер еткен шамада, осындай мән-жайлардан туындаған міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

10. ШАРТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

10.1. Қор осы Шарттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзекті редакция бекітілген немесе соңғы жаңартылған күні көрсетіле отырып, Сайтта жарияланады.

10.2. Егер жаңа редакцияда өзге мерзім көрсетілмесе, ол жарияланған сәттен бастап қолданылады. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, жаңа редакция жарияланғанға дейін аяқталған заңдық мәні бар әрекеттерге тиісті әрекет жасалған сәтте қолданыста болған редакция қолданылады.

10.3. Елеулі өзгерістер туралы Қор Сайтта немесе Пайдаланушының қолда бар байланыс деректері бойынша қосымша хабарлай алады, егер өзара іс-қимыл сипаты мұндай хабарламаны жіберуге мүмкіндік берсе.

11. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

11.1. Осы Шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

11.2. Сұрақтарды, өтініштерді және талап-шағымдарды info@supernovas.foundation электрондық поштасына жіберуге болады. Өтініште аты-жөнін, байланыс деректерін, жағдайдың сипаттамасын және оны қарау үшін қажетті материалдарды көрсету ұсынылады.

11.3. Тараптар дауды келіссөздер және жазбаша өтініштер алмасу арқылы реттеуге ұмтылады. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

12. ҚОРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ МЕН БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕРІ

Толық атауы	«Football For Kids» қоғамдық қоры
Қысқартылған атауы	«Football For Kids» ҚҚ
БСН	260740029114
Заңды мекенжайы	Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-2 шағын ауданы, 55-үй, 6-пәтер
Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК/БИК	HSBKKZKX
IBAN	KZ14601A861091121351 (KZT)
Электрондық пошта	info@supernovas.foundation
Телефон	+7 707 182 49 36
Сайт	https://supernovas.foundation/